



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№33 (1990) 15 ҚЫРКҮЙЕК 2025 ЖЫЛ

Президент жолдауын 18 нүктеден тыңдады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына дәстүрлі жолдауын жариялады. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен стратегиялық бағыттарын айқындайтын маңызды жолдауды Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы мен студенттері бірге тыңдады.

Жолдауды тыңдау үшін университет қалашығында арнайы 18 нүкте ұйымдастырылып, білім алушылар мен қызметкерлерге бір мезетте Президент сөзін тікелей эфир арқылы тамашалауға мүмкіндік жасалды.

Кейін оқытушы-ғалымдар жолдауды талқылап, ҚР Президенті айтқан білім беру, ғылым және инновация саласындағы жаңа бастамалар ҚазҰУ-дың стратегиялық даму мақсаттарымен толық үндесетінін айтты. Әсіресе жас ғалымдарды қолдау, жоғары білім

сапасын арттыру, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту мәселесі оқу ордасы үшін аса маңызды.

Студенттер де жолдауда жас-тарға жасалған ерекше қамқорлық пен қолдау шараларын зор ынтамен қабылдады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған жаңа міндеттерді жүзеге асыруға белсене атсалысып, отандық ғылым мен білімді дамытуға өз үлесін қосатынын жеткізді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында «Цифрлық технологиялар және робототехника» халықаралық институты мен робототехника орталығының ресми ашылуы өтті.



Технологиялық мүмкіндіктер

Салтанатты рәсімге ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Қытай Халық Республикасының Алматыдағы бас консулы Цзян Вей, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев және Huibo Robotics компаниясының бас атқарушы директоры Уаң Чжэньхуан арнайы қатысты.

Ауқымды жоба – Әл-

Жобасы

Фараби атындағы ҚазҰУ-дың академиялық әлеуеті мен Jiangsu Huibo Robotics Technology Co., Ltd. компаниясының технологиялық мүмкіндіктерін біріктіретін заманауи инновациялық шешім. Маңызды келісімге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жуырдағы Қытай Халық Респуб-

ликасына ресми сапары аясында қол жеткізілген болатын.

Мәртебелі меймандарды ректор Жансейіт Түймебаев қарсы алып, заманауи кешен жұмысымен таныстырды. Университет басшысы орталықтың цифрлық инженерия мен өнеркәсіптік робототехниканы меңгеруге мүмкіндік беретін озық білім беру кеңістігі екеніне тоқталды.

Министр Саясат Нұрбек өз сөзінде оқу орталығының әлеуетіне жоғары баға беріп, мұндай практикалық бағыттағы білім беру модельдері жаңа буын инженерлері мен IT мамандарын даярлауда шешуші рөл атқаратынын атап өтті.

Әйгерім
ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ



Қала әкімі ҚазҰУ-дың ғылыми инфрақұрылымымен танысты

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арнайы келіп, оқу ордасының ғылыми-зерттеу инфрақұрылымымен танысты.

Қала әкіміне университеттің заманауи зертханалары, ғылыми орталықтары және инновациялық жобалары көрсетілді. ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ғалымдар мен жас зерттеушілер

жүргізіп жатқан ғылыми ізденістердің нәтижелері мен олардың қала дамуына қосар үлесі жайлы жан-жақты ақпарат берді.

Алдымен Дархан Сатыбалды оқу ордасының 90 жылдығы аясында ашылған Farabi Hub инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығымен танысты. Мұнда жас ғалымдар мен кәсіпкерлерге озық білім, заманауи технологиялар мен қажетті ресурстарға қол жеткізуге жағдай жасалған. Қала басшысы Farabi Hub қызметін жоғары бағалап, мұндай жобалар Алматының ғы-

лыми-инновациялық әлеуетін дамытуға үлкен серпін беретінін атап өтті.

Кейін Дархан Сатыбалдыға оқу ордасының базасында жасалған өндірістік робототехника және роботтандыру бойынша инженерлік компетенция орталығының роботтары көрсетілді. Роботтар Германияның жетекші KUKA компаниясында өзірленіп, ҚазҰУ-да қойылған. Жасанды түрде дайындалған литий трибораты негізіндегі кристалдарды көтеретін екі өнеркәсіптік робот бар.

Жалғасы 8-бетте



2-3 беттер

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ:

Жасанды интеллект саласын дамыту – стратегиялық басым бағыттардың бірі



4-6 бет

Алматыны дамытуға ауқымды үлес қосады



5-6 бет

Дрон құрастыру орталығы құрылады



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың биылғы халыққа арнаған жолдауынан ғылым-білім және инновациялық даму тұрғысынан үлкен маңызға ие бірнеше бағытты атап өтпекпін. Онда ғылым-білімді жетілдіру, инновациялық даму, цифрландыру мен жасанды интеллектті енгізу, ядролық энергетика, сондай-ақ парламенттік реформа енгізу сияқты аса маңызды бастамалар көтерілді.

Бұл бағыттардың барлығы Қазақстанның ұзақ мерзімді ұлттық мүдделеріне қызмет етіп, елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, жаңа технологияларды игеруге және халықаралық деңгейде беделін нығайтуға жол ашады.

ПАРЛАМЕНТТІК РЕФОРМАНЫ ТАЛҚЫЛАУ – ҚОҒАМНЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІ

Мемлекет басшысының парламенттік реформа мәселесін қайта көтеруі еліміздің саяси жүйесіндегі маңызды кезеңдердің бірі болып отыр. Бұл бастама – бұрынғы өзгерістердің заңды жалғасы әрі әділетті Қазақстан құру жолындағы стратегиялық қадам. Шын мәнінде соңғы жылдары елде ауқымды саяси реформалар жүзеге асырылды. 2022 жылғы референдум нәтижесінде «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласы халық тарапынан кең қолдау тапты. Бұл қағидат еліміздің саяси даму бағытын айқындап берді. Қасым-Жомарт Кемелұлы айтып өткендей, реформалар – бір жолғы шара емес, қоғамның сұранысына сәйкес ұдайы жүретін үдеріс.

1995 жылы құрылған Сенат отыз жыл ішінде көптеген маңызды шешімдердің қабылдануына ықпал етіп, реформалардың кепіліне айналды. Алайда қазіргі жағдайда саяси мәдениеттің өсуі, қоғамның демократиялық сана-сезімінің артуы, мемлекеттік басқару жүйесінің жетілуі үшін парламенттік реформаны жалғастыру қажеттігін ұрпақтың білгені. Жаңа бастама Қазақстанның саяси жүйесін кезең-кезеңімен жаңғыртуға бағытталған. Елді демократияландыру жолында жаңа серпін беріп, халықтың мемлекеттік институттарға сенімін одан әрі нығайтады. Парламенттік реформаны талқылау тек саяси элитаның емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Өйткені ол еліміздің болашағына, кейінгі ұрпақтың саяси мәдениетіне тікелей әсер етеді.

Президент асығыстыққа жол берілмеуі керектігін атап өтті. Себебі бұл реформа тек техникалық өзгеріс емес, мемлекеттің саяси құрылымын түбегейлі қайта қарастыру. Сондықтан оның әрбір қыры азаматтық секторда, сарапшылар ортасында, қазіргі Парламентте жан-жақты талқылануы тиіс. Бір жылға жуық уақыт бөлу ұсынысы да осыдан туындап отыр. Бұл тәсіл «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатының нақты көрінісі. Яғни саяси шешімдер жабық түрде емес, қоғамның пікірін ескере отырып қабылдануы қажет. Білік пен халық арасындағы сенімді нығайтудың ең дұрыс жолы – осы.

Бір палаталы жүйенің артықшылықтарына тоқталсақ, ең алдымен заң шығару үдерісі жеделдейді. Қос палаталы құрылымда заң жобалары ұзақ талқылаудан өтеді, ал бір палаталы жүйе бұл процесті жеңілдетеді. Парламенттің ықпалы артады. Бір ғана палата халықтың саяси еркін тікелей

білдіретін негізгі органға айналады. Екі палатаны ұстауға кететін қаржы ресурстары қысқарады. Егер Парламент тек

Жасанды интеллект саласын дамыту – стратегиялық басым бағыттардың бірі

партиялық тізім бойынша сайланатын болса, саяси партиялардың рөлі күшейіп, қоғам мен билік арасындағы байланыс нығаяды. Парламент халыққа жақындайды.

Президент ұсынған бастама – Қазақстанның саяси дамуындағы жаңа кезеңнің бастамасы. 2027 жылы жалпыұлттық референдум өткізу халықтың пікірін ескерудің демократиялық жолы. Бұл шешім мемлекеттің тағдырын тек қоғаммен бірге айқындауға деген ұстанымды көрсетеді.

Егер реформа жүзеге асса, Қазақстан саяси жүйесінде жаңа сапалық деңгейге көтеріледі. «Әділетті Қазақстан» идеясын нақты іске асырып әрі халықтың мемлекеттік институттарға деген сенімін одан әрі күшейтетін қадам.

МИНИСТРЛІК ҚҰРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Президенттің Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру туралы ұсынысы да уақыт талабынан туған шешім. Қазіргі әлемде цифрлық технологиялар тек экономика емес, бүкіл қоғамды жаңғыртудың басты факторы. Әсіресе жасанды интеллект, үлкен деректер, платформалық экономика секілді бағыттар бәсекеге қабілеттіліктің жаңа өлшеміне айналды. Осы орайда, жаңа министрліктің құрылуы бірнеше артықшылық береді. Атап айтқанда, біріншіден, салаға басымдық беру арқылы цифрландыру жеке құрылым ретінде дамып, стратегиялық маңызға ие болады. Екіншіден, премьер-министрдің орынбасары деңгейінде басқарылуы саяси салмақты күшейтіп, шешімдердің жедел қабылдануына ықпал етеді. Үшіншіден, жасанды интеллектіні жаппай енгізу өндірістің өнімділігін арттырады. Экономикалық серпін тудырып, мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Ең бастысы, халыққа тигізетін пайдасы мол. Жаңа технологиялар ашықтықты арттырып, азаматтар мен мемлекет арасындағы байланысты жеңілдетеді.

Сонымен қатар бұл бастама тек инфрақұрылымдық емес, кадрлық әлеуетке де байланысты. Сондықтан жолдаудағы ұсынысты жүзеге асыру үшін

жас мамандарды даярлау, ғылыми-зерттеу орталықтарын қолдау және халықаралық тәжірибені тиімді пайдалану қажет.

Қазақстанның цифрлық мемлекетке айналуы тек технологиялық емес, саяси, әлеуметтік және мәдени өзгерістерді де талап етеді. Егер бұл бағыттағы шаралар жүйелі түрде жүзеге асса, үш жыл ішінде нақты нәтижеге жетуіміз әбден мүмкін.

Осы орайда, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті цифрландыру дәуірінде жасанды интеллект саласын дамытуды стратегиялық басым бағыттарының бірі ретінде айқындап отыр. Нақты айтар болсақ, университетте ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультеті ашылды. Жасанды интеллект және Big Data кафедрасы жұмыс істейді. Сонымен бірге Жасанды интеллект ғылыми-зерттеу институты құрылды. Криптология және киберқауіпсіздік ғылыми-зерттеу институты жұмыс істей бастады. Бұдан бөлек, «Жасанды интеллекті бар жоғары жүкте-мелі ақпараттық жүйелер», «Деректер ғылымы», «Жасанды интеллект», «Интеллектуалды басқару жүйелері», «Бизнес-аналитика және Big Data», «Медицинадағы жасанды интеллект» білім бағдарламалары бойынша мамандар даярлануда.

Мемлекет басшысы цифрлық дәуірдегі университеттік ғылымды жетілдіру жөнінде де тың бастамалар көтеріп, қоғам дамуына серпін беруде. Жасанды интеллект, озық технология ғылымның дамуынсыз жеке-дара жетіле алмайтыны анық. Осыған орай, университетте бірқатар ғылыми жобалар қолға алынды: «Қазақстанда қоғам өмірінің түрлі салаларында қолдануға арналған, елдің технологиялық жетілуін арттыруға ықпал ететін ұлттық ірі тілдік модельді (LLM) құру» жобасы; «Жасанды интеллект әдістерін қолдана отырып, қазақ тіліндегі киберэкстремизмнің идеологиялық бағыттарын мультиклассификациялау»; «Қазақстандағы әйелдерде сүт безі қатерлі ісігін ерте анықтау үшін жасанды интеллектті пайдалану»; «Жасанды интеллект көмегімен

ми инсультін диагностикалаудың кешенді жүйесі»; «Қазақстан Республикасының заң шығару процесіне заңнаманы оңтайландыру, тиімділігін және ашықтығын арттыру үшін жасанды интеллект құралдарын енгізу»; «Мемлекеттік басқарудағы жасанды интеллект технологиялары: қолдану мәселелері мен перспективалары»; «Блокчейн» доменінің ұғымдық аппаратын интеллектуалды мәтіндік талдау және формалды ұғымдарды талдау арқылы зерттеу: оқыту әдіснамасына басымдық» және басқа да салаларды қамтитын ғылыми жобаларды орындауда.

Сонымен қатар ҚазҰУ-да жасанды интеллект жобаларына серпін беретін қуаты 2000 Tflops болатын суперкомпьютер орнатылды. Бұл суперкомпьютер ірі көлемді деректерді өңдеуге, күрделі есептерді жылдам орындауға, терең нейрондық желілерді оқытуға және ұлттық ғылыми-зерттеу инфрақұрылымын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Ол сондай-ақ медицина, биотехнология, геномика, экология, Жерді қашықтықтан зондау, қала инфрақұрылымын модельдеу және басқа да стратегиялық маңызды салалардағы зерттеулерді қолдауға бағытталған.

Қазіргі таңда ЖИ көмегімен ауылшаруашылық кешені, экологиялық мәселелер мен әлеуметтік-экономикалық және өзге де салалар бойынша жобалар жоспарлануда.

ҚАЗАҚСТАН – ҚЫТАЙ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӨРІПТЕСТІГІ: АТОМ ЭНЕРГЕТИКАСЫ МЕН ЦИФРЛАНДЫРУДАҒЫ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Президент елімізде атом энергетикасын дамытудың стратегиялық маңызына айрықша тоқталды. Мемлекет басшысы «Росатоммен» бірлесіп атом электр станциясының құрылысын бастау алғашқы қадам екенін атап өтіп, екінші және үшінші АЭС салуды да қазірден бастап жоспарлау қажеттігін жеткізді. Сондай-ақ Қытаймен осы саладағы стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол жеткізгенін ерекше атады. Бұл бастамалар еліміздің энергетикалық қауіп-

сіздігін нығайтып қана қоймай, жаңа технологиялар трансферіне жол ашады. Демек, отандық ғылыми мектептердің дамуын, ядролық инженерия және энергетика бағытында жоғары білікті мамандар даярлауды талап етеді.

Президенттің айтуынша, Қазақстандағы кешенді аэрогеофизикалық зерттеулер ескірген, сондықтан заманауи цифрлық құралдарды қолдана отырып, жер қойнауының жаңа карталарын жасау қажет. Сонымен қатар халықаралық сарапшыларды тарту геологиялық барлау сапасын арттырып, еліміздің ғылыми әлеуетін күшейтеді. Қазақстан уран қоры бойынша әлемдік көшбасшылардың қатарында. Бұл байлық тек шикізат ретінде емес, бейбіт атомды дамытуда, денсаулық сақтау саласында ядролық медицинаны ілгерілетуде, жаңа жоғары технологияларды енгізуде стратегиялық мүмкіндік береді. Осы тұрғыда кадр даярлау ісі шешуші рөл атқарады. Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында физика-техникалық факультетінде «Уран ісі» және «Ядролық инженерия» жаңа білім беру бағдарламалары ашылды. Бұл бағдарламалар еліміздің ядролық энергетикасы мен геология саласына қажетті жоғары білікті мамандарды даярлауға бағытталған. Сондай-ақ университет атом энергетикасы мен ядролық физика саласында кадр даярлаудың жетекші орталығы болып саналады. Қазіргі таңда бұл бағытта 455 студент білім алады. Университет «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ-мен бірлесіп жаңа оқу бағдарламаларын жүзеге асыруда. Студенттер Ресей, Жапония, Корея, Қытайдың жетекші жоғары оқу орындарында қос-дипломдық білім алып, CERN ядролық зертханасында тағылымдамадан өтуде.

Таяуда Мемлекет басшысының қатысуымен Қазақ-Қытай іскерлік кеңесінің сегізінші отырысы өтті. Онда екі ел арасындағы сенімді серіктестіктің жаңа қырлары айқындалды. Президент Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» бастамасын Қазақстан толық қолдайтынын, бұл жоба еліміздің транзиттік әлеуетін арттырып қана қоймай, жаңа технологиялар



Маңызды жоспар жасалды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына жолдауы стратегиялық маңызды жоспар ретінде қоғамда қызу талқыланып жатыр. Жолдауда Президент тарапынан еліміздің цифрлық дамуына тікелей қатысты тың бастама көтеріліп, ұтымды ұсыныс, нақты тапсырмалар берілді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ұстаз-ғалымдары да жолдауда көтерілген өзекті мәселелер туралы өз пікірлерін ортаға салды.

ЖИ саласындағы өзекті мәселелерге мән берілді

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған жолдауы мемлекеттің даму сатысына қатысты маңызды стратегиялық құжат ретінде кезекті тың бастамалар ұсынып, оның ішінде цифрлық даму мен жасанды интеллект саласындағы өзекті бағыттарға ерекше мән берді.

Президент баяндамасын үш жылдық мерзімде еліміздің цифрлық мемлекетке айналуы тиіс екенінен бастады. Нақты айтқанда, мемлекетке жасанды интеллектіні дамыту үшін жаңа министрлік құруды ұсынды. Бұл бағыт елдің болашақта технологиялық көшбасшылар қатарынан көрінуіне негізделген салмақты қадам болмақ.

Сондай ақ білім және инфрақұрылымға жасанды интеллектіні белсенді ендіру,

денсаулық сақтау, су инфрақұрылымы саласындағы күрделі мәселелерді шешу үшін бюджеттен алынған қаражаттың тиімді пайдаланылуын атап өтті. Тағы бір жаңалық – мемлекеттік басқаруға бағытталған шешімдер ұсынатын Ұлттық жасанды интеллект платформасы мен «Alem AI» халықаралық жасанды интеллект орталығы құрылып, ғылыми зерттеу жүргізу мүмкіндігі ашылғаны баяндалды. «Qazaq Digital» мектептерінің ашылуы да өскелең жас ұрпаққа сапалы білім берудің қайнар көзі болмақ.

Жасанды интеллект нарығының даму болашағына аса мән беріліп, Қазақстанның қаржы жүйесінде инновация мен цифрлық трансформацияға бет бұру, банк жүйелері мен

құқық қорғау органдарын біріктіретін платформа және қаржылық алаяқтықтың алдын алуға бағытталған практикалық әрі инновациялық шешім ретінде тиімді Антифрод-орталықтың құрылғаны хабарланды. Расында да, нақты уақыт режимінде атқарылатын цифрлық төлем жүйесі, маркетплейс, электрондық бизнес ортасы алаяқтық шабуылдарға төтеп беретін мықты антифрод жүйелерін қажет ететіні әлем бойынша да бүгінгі күннің өзекті шараларының бірі. Сырттан инвестициялық компанияларды ел экономикасына тартуда да сенімді антифрод жүйелерінің болуы үлкен көпілдік беретін қажеттілікке айналды.

Қарлығаш БАЙШОЛАНОВА,
Ақпараттық жүйелер кафедрасының профессоры, э.ғ.д.

Жаңарған әлемге жаңаша көзқарас

дамыту бастамасы экономиканы өртараптандыру (цифрлық экономика және жаңа табыс көздері), мемлекеттік басқаруда ашықтық пен тиімділік, әлеуметтік сала (денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік көмек), кадр тапшылығын реттеу (AI көптеген қайталанатын процестерді автоматтандырып, мамандарды күрделі міндеттерге босатады), жаңа салалардың пайда болуы, киберқауіпсіздікті күшейту және халықаралық бәсекелестіктен туындап отыр.

Әлемде жасанды интеллектіге қатысты тенденциялар мен оқиғалар жыл сайын жаңарып отыр. Мәселен, AI-ға арналған суперкомпьютерлік инфрақұрылымдар құрылып, есептеу қуаты мен тиімділігі күн өткен сайын жақсарып келеді. Ал бұл оқиғада әлем-

дік геосаяси бәсекеде АҚШ пен Қытайдың бәсекелестігі артып отыр. Сондай-ақ жасанды интеллектінің әлемдегі қауіпсіздік талаптары, этикасы жөніндегі келісімдер ретеліп, гуманоидтық роботтар өнеркәсібі кеңінен қолданыла бастады. Тіпті цифрлық үкімет құрылып, кеңесші ретінде қызметтер көрсетіліп жатыр. Бұл цифрлық технологиялардың әлі басы. Сондықтан болашақ адам зердесі мен жасанды зерде арасындағы байланыстың күрт дамитынын байқатады. Ал биылғы жолдау жаңарған әлемге жаңаша көзқараспен иық тіресе жұмыс істеудің байыпты тұжырымдарын ортаға салды.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
Философия кафедрасының аға оқытушысы

Су – стратегиялық маңызды ресурс

Президент жолдауында ЖОО-ларға қойылған басты талап – ғылым мен инновацияға негізделген сапалы білім беру. Университеттер еңбек нарығына тікелей жұмыс істейтін, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталды. Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы ғылымына байланысты сын-ескерпелері өзге ғылым салаларына да қатысты.

Мәселен, бюджеттен қоммақты қаржы бөлініп жатқанына қарамастан, аграрлық ғылымның қайтарымы әлі де төмен болып отыр екен. «Ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру деңгейі 17 пайыз-

дан аспайды. Ал тиісті оқу орындарын бітірген түлектердің 40 пайызы ғана осы салаға жұмыс істеуге барады. Агроғылым мен жердегі тіршіліктің арасында алшақтық бар», – деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев. Жыл сайын мыңдаған жастар оқу бітіріп шығады. Алайда олардың көбі өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Тез табыс әкелетін салаға ауысып кетеді. ЖОО түлектерінің мамандық бойынша жұмыс істеуі өте маңызды әлеуметтік мәселе.

Мемлекет басшысы су мәселесін шешудің ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды іс екенін айтып өтті.

логияларды енгізу, суармалы егіншілікте үнемдеу жүйелерін кеңейту міндеті қойылды. Сонымен бірге трансшекаралық өзендер мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Мемлекет басшысы көрші елдермен өзара тиімді келісімдер негізінде суды ортақ пайдалану тетіктерін жетілдіруді ұсынды. Халықаралық деңгейде су мәселелерін зерттеу орталығын құру жөнінде бастама көтерілді. Бұл қадам Қазақстанның аймақтық су қауіпсіздігі саласындағы жетекші рөлін нығайтуға бағытталған.

ҚазҰУ ғалымдары су ресурстарын басқару және зерттеу бойынша жүйелі жұмыстар жүргізуде. Университетімізде бакалавриат, магистратура, докторантура деңгейінде «Гидрология» мамандары даярлануда. Өткен жылы география және табиғатты пайдалану факультеті мен халықаралық қатынастар факультетінің бірлескен жұмысының нәтижесінде «Су дипломатиясы» атты жаңа білім беру бағдарламасы әзірленді. Биылғы оқу жылына «Су дипломатиясы» мамандығына алғашқы магистранттар қабылданды. Бұл бағыттағы жұмыс Қазақстан Республикасының су ресурстарын тиімді басқаруға, су дипломатиясын дамытуға және Орталық Азиядағы трансшекаралық су мәселелерін шешуге білікті мамандар даярлауға өз үлесін қосатынына сенімдіміз. Өйткені бұл бағдарлама – Қазақстанда ғана емес, бүкіл Орталық Азияда баламасы жоқ білім беру жобасы. Бағдарлама аясында мамандарға метеорология және гидрология, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика, халықаралық құқық, дипломатиялық аударма кафедраларының тәжірибелі профессорлық-оқытушы құрамы дәріс береді. Сонымен қатар ҚазҰУ су дипломатиясы саласында ірі халықаралық консорциумға да қатысуда. Жақында Preparing Joint Masters on Water Governance and Water Diplomacy for Shifting the Paradigm for Sustainable Water Action атты Erasmus Mundus Joint Master (EMJM) жобасында ҚазҰУ негізгі серіктес атанды. Бұл консорциумға Венгриядағы Eötvös Loránd университеті, Швециядағы Уппсала университеті, Финляндиядағы Карелия қолданбалы ғылымдар университеті, Қазақстандағы Су шаруашылығы және мелиорация ұлттық университеті, Өзбекстандағы Ташкент ирригация және ауылшаруашылық механизациясы ұлттық ғылыми-зерттеу университеті, Nordic International University, сондай-ақ Central Asia Research Forum Foundation кіреді. Жобаның басты мақсаты – Еуропа мен Орталық Азияның жетекші университеттері арасында студенттердің академиялық мобильділігін арттыру, су ресурстарын басқару және су дипломатиясы бойынша жаңа көзқарас қалыптастыру.

Қорыта айтқанда, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тәжірибесі мемлекеттік саясаттың табысты жүзеге асуына нақты үлес қоса алады.

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректоры

ҚАЗҰУ-ҒА 26,5 МЛН ДОЛЛАР ИНВЕСТИЦИЯ ҚҰЙЫЛДЫ

Қасым-Жомарт Кемелұлы «Инвестиция тарту – орталық атқарушы органдардың ғана міндеті емес. Осы маңызды жұмысқа жергілікті билік те атсалысып, бәрі жұмыла жұмыс істеуге тиіс» деп атап өтті.

Соңғы жылдары университетіміз ғылыми-инновациялық жобаларды жүзеге асыруға және ғылыми-зерттеу инфрақұрылымын дамытуға инвестиция тартуды жандандыра бастады. Халықаралық серіктестермен бірлесе отырып, бірқатар ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға кірістік. Мәселен, Қазақстан – Қытай Жерді қашықтықтан зондтау және пайдалану орталығын құруға 1 млн юань, яғни 140 000 доллар инвестиция тартылды. Бұдан бөлек, Гонконг университеті Орталық Азия тұрақты даму орталығын құруға 1 млн 750 мың АҚШ долларын бөлді. Бұл орталықтар Жерді қашықтықтан зондтау мәліметтерін пайдаланып, экологиялық мәселелер мен табиғи апаттарды зерттеумен айналысады. Дүниежүзілік банктің 450 млн теңге инвестициясының арқасында өндірістік робототехника бойынша біліктілік орталығы бой көтерді. Ал HuiBo Robotics компаниясы заманауи робототехника шеберханасын іске қосуға 250 000 доллар тұратын роботтарды сыйға тартты. Хайнань жерсеріктік мәліметтерін зерттеу және пайдалану орталығы Спутниктік жерүсті станциясын құру үшін 3 млн доллар көлемінде демеушілік жасады. Сондай-ақ Кореитану қоры 330 мың доллар көлемінде инвестициялық жоба тарту етті. Жалпы алғанда, соңғы үш жыл ішінде ҚазҰУ қазынасына 26,5 млн АҚШ доллары көлемінде инвестиция құйылды. Аталған инвестициялық жобалар университетіміздің үкіметке ғана қарап отырмай, өз бетімен әрекет етудегі белсенділігін көрсетеді.

«СУ ДИПЛОМАТИЯСЫ» МАМАНДЫҒЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА БАЛАМАСЫ ЖОҚ

Президент еліміздегі су ресурстарының азаюы мен сапасының төмендеуі Қазақстан үшін аса өзекті мәселе екенін атап өтті. Су – тек ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің ғана емес, халықтың күнделікті өмірі мен экологиялық тұрақтылықтың негізгі көзі. Сондықтан су секторын кешенді түрде жаңғырту, заманауи техно-

Алматыны дамытуға ауқымды үлес қосады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Алматы қаласы әкімдігі жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі кеңес отырысына қатысып, қаланың дамуына қатысты өзекті мәселелер бойынша баяндама жасады.



Жиын барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жолдауында айтылған бастамалар негізге алынып, мегаполистің негізгі сын-қатерлері мен оларды шешудің ғылыми жолдары талқыланды. Басқосуда Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Президент жолдауындағы маңызды бастамаларға қатысты өз ойымен бөлісті.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев өз баяндамасында Алматының басты түйткілдері ретінде атмосфералық ауаның ластануы, мұздықтардың еруінен туындайтын сел және су

тасқыны қаупі, жоғары сейсмикалық белсенділік, урбанизациядан туындайтын инфрақұрылымдық жүктеме және әлеуметтік теңсіздіктерді атады. ҚазҰУ осындай сын-қатерлерді еңсеруге бағытталған ғылыми әрі инновациялық нақты шешімдер ұсынатынын жеткізді.

Президент жолдауында ерекше назарға алынған жасанды интеллект технологиялары бүгінде ҚазҰУ жобаларының негізіне айналды. Университет ғалымдары су-

перкомпьютерлер мен нейрондық желілерді қолдана отырып, Алматыға тән табиғи апаттар – жер сілкінісі, сел, лай көшкіндері сияқты құбылыстарды ерте болжауға арналған геоақпараттық жүйе жасап шығаруда. Бұл жүйе қауіпті аумақтарды картаға түсіріп, тұрғындарды алдын ала ескертуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар шаһар экологиясын қорғау да басты назарда. ҚазҰУ әзірлеген интеллектуалды мониторинг жүйесі ауадағы зиянды газдар мен метан деңгейін нақты уақыт режимінде бақылайды.

Жетекші университет ғалымдары әзірлеген маңызды ұсыныстың бірі – қала инфрақұрылымын басқаруға арналған 3D-кадастр платформасын құру. Бұл цифрлық шешім қала аумағындағы құрылыс, жолдар мен коммуналдық желілерді тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Мысалы, бұл платформа арқылы құрылыс жобаларының үйлесімділігі тексеріліп, қаланың даму жоспары нақты деректерге сүйенеді.

Әйгерім
ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ



Ғарыш саласы мамандарының форумы өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің қолдауымен Space Days Kazakhstan – 2025 халықаралық форумы өтті.

Форумның мақсаты – ғарыш саласындағы стратегиялық ынтымақтастықты нығайту, қазіргі заманғы технологияларды дамыту және ғылыми-білім беру мен өндірістік әлеуеттерді интеграциялау.

Шараға 50-ден астам елдің, оның ішінде халықаралық агенттіктер, университеттер, зерттеу орталықтары мен бизнес өкілдерінің делегациялары мен ғарыш саласының білікті мамандары қатысты.

Ресми ашылу салтанатында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қатысушыларға құттықтау сөз сөйлеп, соңғы жылдары еліміз спутниктік технологиялар, алыс қашықтықтан зондау, ғарыштық байланыс және астрофизика салаларын дамытып жатқанын атап өтті.

Бұл үдерісте ҚазҰУ белсен-

ді рөл атқарып келеді. Университет еліміздегі «Ғарыш техникасы және технологиялары» мамандығын енгізген алғашқы және жалғыз жоғары оқу орны. ҚазҰУ ғалымдары Қазақстан мен Орталық Азияда алғаш рет «Al-Farabi-1» және «Al-Farabi-2» наноспутниктерін жасап, орбитаға шығарды. 2026 жылы Қытайдың Солтүстік-батыс политехникалық университетімен бірлесе дамытылып жатқан «NKSAT» микроспутнигін ұшыру жоспарлануда.

Қазіргі таңда ҚазҰУ базасында Farabi Space ғарыш технологиялары орталығы, Қазақстан – Қытай бірлескен «Алыс қашықтықтан зондау технологиялары және олардың қолданылуы» зертханасы, Farabi GIS орталығы, спутниктік технологиялар, геоинформатика және цифрлық модельдеу зертханалары жұмыс істейді. Сондай-ақ қуаты 2000 терафлопс болатын заманауи суперкомпьютер іске қосылды.

Space Days Kazakhstan – 2025 форумы Қазақстанның ғарыш саласындағы халықаралық ынтымақтастық пен ғылыми зерттеулердегі өске-лең рөлін тағы да дәлелдейді.

Света ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Түркі әлемінің тарихы» атты II халықаралық жиын өтті.

Ортақ тарихи мұра терең зерттеледі



Мақсат – түркі әлемінің ортақ тарихи мұрасын терең зерттеу, тарихи және мәдени байланыстарды нығайту, ғылыми ақпарат алмасу және болашақта ынтымақтастықты кеңейту.

Шараға Халықаралық түркі академиясының президенті Шахин Мұстафаев, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Түрік тарихи қоғамының президенті, профессор Юксел Өзген, Қазақстаннан Түркі мемлекеттері ұйымының ақсақалдар кеңесінің мүшесі Икрам Адырбеков, Өзбекстан, Әзірбайжан және Қырғызстан ғылыми-зерттеу институттарының директорлары, сарапшылар, тарихшылар жиналды.

Жиынды ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев ашып, аталған шара түркі елдерінің

ортақ тарихын жаңаша бағытта зерттеуге жол ашатынын атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Түркі әлемі – біздің ортақ үйіміз. Біз тарихи тамырларымызға, ортақ тілі-

міз бен мәдениетімізге сүйене отырып, болашаққа бірге қадам басуымыз керек», – деп атап өткен болатын. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті түркі елдері арасындағы ғылыми ынтымақтастықты дамытуға ерек-

ше басымдық береді. Университетіміз Түркиядағы 36, Қырғызстандағы 14, Өзбекстандағы 24 және Әзірбайжандағы 10-нан астам жоғары оқу орнымен тығыз әріптестік байланыс орнатқан. Осы ынтымақтастықтың нәтижесінде

жүздеген студент пен жас ғалым білім алып, ортақ ғылыми жобаларға қатысып келді», – деді ректор.

Өз кезегінде Халықаралық түркі академиясының президенті Шахин Мұстафаев: «Бұл жиын түркі әлемінің ортақ тарихи және мәдени мұраларын зерттеуде жаңа серпін береді. Бүгінгі таңда түркі халықтарының тарихын терең әрі жан-жақты зерттеу тек ғылым үшін ғана емес, сонымен қатар біздің ортақ рухани бірлігімізді нығайту үшін аса маңызды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткізіліп отырған бұл халықаралық жиын еліміздегі және аймақтағы ғылыми қауымдастықтың бірлігін, ынтымақтастығын көрсететін жарқын үлгі», – деді.

Сонымен қатар қатысушылар өз баяндамаларында түркі халықтарының тарихы, мәдениеті мен дәстүрлеріне қатысты маңызды мәселелерді талқылады.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев «Юань Чжэнь» қытайлық компаниясының бас директоры Тан Цзюлунмен кездесті.

Дрон құрастыру орталығы құрылады



бірлескен ортақ ғылыми жобалар сәтті жүзеге асырылып келе жатқанын атап өтті. Мәселен, университетте Қытаймен бірге суперкомпьютер мен робототехника орталығы өз жұмысын бастады.

Өз кезегінде «Юань Чжэнь» инвестициялық және даму компаниясының бас директоры Тан Цзюлун ұшқышсыз ұшу аппараттарын әзірлейтін цех екі мемлекет арасындағы жаңа технологияларды игеру бағы-

тындағы серіктестікті дамытатынын жеткізді.

Кездесу соңында тараптар цех жұмысын іске асыру бойынша арнайы жұмыс тобын құруға уағдаласты.

Ғылыми цехқа қажетті алаңды ҚазҰУ дайындап, жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Ал қытайлық компания қажетті техникалармен және аппараттармен қамтамасыз етеді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



Ғалым мұрасы маңызды бағдар

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да көрнекті ғалым, экономика ғылымының докторы, профессор, академик Яхия Әубәкіровтің туғанына 100 жыл толуына орай, «Қазақстанның ұлттық экономикасы: қазіргі кезеңдегі даму заңдылықтары» атты халықаралық ғылыми конференция өтті.



көріп келеді», – делінді Президент құттықтауында.

Сонымен қатар Парламент Мәжілісінің депутаты Екатерина Смолякова Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановтың құттықтау хатын оқып берді.

ҚазҰУ ректоры өз сөзінде: «Академик Яхия Әубәкіровтің ұлттық экономиканы дамыту, жоспарлау мен басқару салаларындағы еңбектері бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканы әртараптандыру, цифрландыру мен жасанды интеллект енгізу бағытында жаңа міндеттер жүктеп отыр. Осы орайда, Яхия Әубәкіровтің ғылыми мұрасы жас зерттеушілер үшін маңызды бағдар», – деп атап өтті.

Конференция аясында «Қазақ университеті» баспасынан «Ғабриелдің ғұмыры» сериясымен жарық көрген естелік кітаптың тұсауы кесіліп, академик туралы деректі фильм көрсетілді. Жас зерттеушілер арасында ұйымдастырылған студенттік ғылыми эссе байқауының жеңімпаздары марапатталды.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

Шараға ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Ұлттық инженерлік академия президенті Бақытжан Жұмағұлов, ЖОО қауымдастығы президенті Рахман Алшанов, ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев және еліміздің белгілі экономист-ғалымдары мен жас зерттеушілер қатысты.

Жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау сөзін министр Саясат Нұрбек жеткізді. «Яхия Әубәкірұлы ұлттық ғылымды дамытуға, еліміздегі экономика мектебінің негізін қалауға зор үлес қосты. Ғабриелдің ғұмырына ғұмырын нарықтық қатынастарды талдауға, соның ішінде аграрлық экономика саласын зерделеуге арнады. Осы бағытта маңызды ғылыми зерттеулер жүргізіп, монография мен оқулықтар жазды. Жұртымыз әлі күнге дейін бұл еңбектердің игілігін

Инвестициялық ынтымақтастық

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Қытайдың Халықаралық достық қалалар қауымдастығының инвестициялар тарту жөніндегі елшісі Тан Синьмен келіссөз жүргізді.



ғылыми-инновациялық әлеуеті мен халықаралық байланысы туралы кеңінен айтып берді. Ректор ҚазҰУ-дың Қытайдағы жетекші жоғары оқу орындарымен тығыз әрі тиімді ынтымақтастық орнатып келе жатқанын атап өтті.

«ҚазҰУ – білім мен ғылым саласында мол тәжірибе жинақтаған, халықаралық деңгейде беделі жоғары оқу орны. Қытайдың алдыңғы қатарлы университеттерімен серіктестік байланысымыз жыл санап нығайып келеді», – деді оқу ордасының басшысы.

Жүздесуде Тан Синьби ҚазҰУ қалашығында бой көтеретін жаңа ғимараттар мен жатақханаларды салуға қауымдастық тарапынан қолдау көрсетуге ниетті екенін жеткізді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

мараттарға инвестиция тарту жөнінде пікір алмасты.

Жансейіт Түймебаев мәртебелі мейманға университеттің

«Фараби студенттік ассамблеясы» ұйымы ашылды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Қазақстан халқы Ассамблеясы мен білім ордасы арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою және «Фараби студенттік ассамблеясы» ұйымының ашылу салтанаты өтті. Ауқымды шара екі ұйым арасындағы серіктестікті нығайтуға және еліміздегі ұлтаралық татулық пен келісімді одан әрі дамытуға бағытталған.



дени кеңістігіндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін ерекше атап өтті.

Өз кезегінде Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының

орынбасары Марат Алмасұлы: «Бұл меморандум – Қазақстандағы тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің басты кепілі. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық

университетімен бірігіп жұмыс жасау арқылы біз елдің түрлі этностарының мәдениетін, дәстүрін сақтап, дамытуға үлкен үлес қосамыз», – деді.

Меморандум шеңберінде тараптар мәдени іс-шаралар, пікірсайыстар, конференциялар ұйымдастыруға ниетті. Сонымен қатар жастарды патриотизмге, мәдени әртүрлілікті құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында түрлі тренингтер мен семинарлар өткізу де көзделген.

Бүгінде білім ордасында 64 этнос өкілінен құралған 3238 студент білім алуда. Бұл – университеттің көпұлтты және көпмәдениетті білім беру кеңістігіне айналғанының айғағы.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Жиында сөз алған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев: «ҚазҰУ бүгінде тек білім мен ғылым ордасы ғана емес, сонымен қатар жас ұрпақты азаматтық жауапкершілікке, ұлттық сана мен патриотизмге тәрбиелейтін орта. Бүгін университет қабырғасында ашылған Фараби

студенттік ассамблеясы осы міндеттердің өміршеңдігіне кепіл болмақ. Бұл жоба жастар арасында қоғамдық келісім мен бейбітшілікті, этностар арасындағы өзара түсіністікті тереңдетуге жаңа серпін беретініне сенімдімін», – деді.

Сондай-ақ университет басшысы еліміздің рухани-мә-

Алтай қауымдастығы СИМПОЗИУМЫ

Мажарстанның (Венгрия) Сегед қаласында Халықаралық Алтай қауымдастығы тарапынан «Ат, дәреже, лақап» атты тақырыпта ұйымдастырылған халықаралық симпозиумға қатыстық. Үш күнге созылған симпозиум жиырма сегіз секция бойынша жұмыс жасады.



Іргетасын император Франц Иосиф 1872 жылы қалаған Сегед университеті өзінің бай тарихымен ерекшеленеді. Қазіргі таңда он екі факультеті бар университет алғашқы құрылған жылдары небәрі төрт факультетке ғана студенттер қабылдаған. Бұл университет екі бірдей Нобель сыйлығының иегері шығуымен даңқты оқу орны. Алғашқы Нобель иегері – физиология мен медицина саласы бойынша университет профессоры Альберт Сент-Дьерди. Ғалым С дәруменін ойлап тапқан алғашқы адам. Екінші Нобель сыйлығының иегері – Карио Каталин. 2023 жылы ковидке қарсы екпе ойлап тапқан ғалым.

Сегед университетінде бірнеше шет тілі оқытылады. Шет тілдермен бірге түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілінің оқытылатынын естіп, марқайып қалдық. Осман түрікшесі барлық түркітанушылар үшін білуге міндетті тіл ретінде оқытылады. Әлемдік алтайтанушылар есімі Сегед университеті жанынан ашылған Алтайтану кафедрасымен тығыз байланысты.

«Ат, дәреже, лақап» тақырыбында ұйымдастырылған симпозиум жұмысына әлемнің төрт бұрышынан 115-тен аса ғалымдар мен ізденушілер қатысты. Симпозиумның салтанатты ашылуына Сегед университетінің ректоры, Алтайтану орталығының басшылығы, Түрік тарих ұйымының басшысы, Түркияның Мажарстандағы елшісі сынды құрметті қонақтардың ортасында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаевтың, Қазақстан Республикасының Мажарстандағы төтенше және өкілетті елшісі Абзал Сапарбекұлының қатысуы да мерейімізді өсірді. Симпозиум ашылуында Жансейіт Қансейітұлы сөз сөйлеп, қатысушыларды құттықтап, симпозиумның жемісті өтуіне жылы лебіз білдірді. Халықаралық алтайтанушылар қауымдастығының құрметті президенті Жансейіт Қансейітұлы алтайтанудың болашақта

атқаратын жұмыстарына, бағыттарына, жасалған жұмыстарға тоқталып өтті.

Симпозиум жоғары дәрежеде ұйымдастырылды. Секциялар отырысына жауапты адамдар А, В, С салондарын уақытында ыждағатты даярлап отырды. Ғалымдардың баяндама жасауына қолайлы жағдайлар жасалған. Әр секцияда төрт баяндамадан оқу да адамдарды жалықтырмайтын бір тәсіл болса керек. Бағдарламаны қарап отырып, өзің қызығушылық тудырған баяндаманы тыңдау мүмкіндігі болды. Тақырыптар сан қырлы. Алыс Еуропада отырып, қазақ халқының тұрмысына, эпостық дастандарына, ат қою мәдениетіне қызығушылық танытып, қазақ өміріне байланысты түрлі тақырыпта баяндама жасаған шетелдік әріптестерімізге дән разы болдық.

Симпозиумға ұлттық университеттен бірнеше ғалым қатысты. Біз де өз тарапымыздан «Қазақ мәдениетіндегі ат тергеу дәстүрі» атты тақырыпта баяндама ұсындық. Бұл дәстүрдің қызықты тұстарын тыңдаушылар рахаттана тыңдап, халқымыздың осындай өдемі дәстүрінің бар екенін, оның әлі күнге дейін ұстанып келе жатқан қазақ келіндерінің даналығына сүйсінді. Құрмет пен сыйластыққа негізделген дәстүрдің қазақ арасында әлі күнге дейін жалғасып келуі әлемнің түкпір-түкпірінен келген ғалымдардың ықыласын тудырды.

Симпозиумның екінші күні қатысушылар Сегед университеті кітапханасының сирек кітаптар қорына саяхат жасадық. Ең ежелгі кітаптар арасынан қасиетті Құран кітабын, Шахнаманы, сонымен бірге ұлттық университетте дәріс оқыған құрметті түрколог Берікбай Сағындықұлының, басқа да түркітекес мемлекеттер ғалымдарының мақаласын көріп сүйсініп қалдық.

Бақытгүл ҚҰЛЖАНОВА,
ҚазҰУ-дың профессор
міндетін атқарушы

Ұлттық әдебиеттану ғылымына өзіндік өрнек салған белгілі ғалым, ұстаз, филология ғылымының докторы, профессор Алуа Темірболат бүгінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да қызмет етеді. Алуа Берікбайқызы жетекшілік ететін Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасында ұлтымыздың ірі тұлғалары, көркемсөз шеберлері, ұлттық құндылықтарымыздың қорғаны болған академик Б.Кенжебаев, З.Қабдолов, Р.Нұрғалиев сынды ғалымдардың ізі қалған. Сол себепті әңгімемізге арқау болып отырған кейіпкеріміз Алуа ханымды тау тұлғалардың үлкен аманатын арқалаған абзал жан десек те болады.

Ғылымда тың тақырыпқа түрен салды

Алуа Берікбайқызы 1975 жылы 21 қыркүйекте Өскемен қаласында дәрігерлер әулетінде дүниеге келген. Хирург әке мен акушер-гинеколог ананың тәлім-тәрбиесінде өскен ол жасынан адалдықты, қарапайымдылықты, ізгілік пен еңбексүйгіштікті бойына сіңірді. Білімге өте құштар болып өсті. Оның ғылымға деген қызығушылығы ерте бастан қалыптасты. Мектеп қабырғасынан ақ кітапқа деген құштарлығы, сөз өнеріне деген ықыласы, әдеби талдауға бейімділігі ұстаздарының назарын аударған. Жоғары білімге келгенде де ол осы жолды таңдады. Университет қабырғасында жүріп-ақ жас ізденуші ғылым әлеміне батыл қадам жасады. Өйткені жасынан зеректігі және зейінімен көзге түскен Алуа өзінің кемел болашағына, білім саласына деген жолына тыңнан түрен салған талантты жас еді. Бұл қасиеттер кейін ғылым жолында да, ұстаздық қызметте де оның айнымас серігіне айналды.

1992 жылы орта мектепті алтын медальмен тамамдап, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетіне түсіп, үздік шәкірт атанды. Бакалавриат пен магистратураны ойдағыдай аяқтап, аспирантураға қабылданды. Сөйтіп, әдебиет әлеміндегі алғашқы зерттеулерін тереңдетіп, 2001 жылы филология ғылымының кандидаты, 2009 жылы ғылым докторы атанды.

«Менің бүгінгі жеткен жетістіктеріме тікелей ата-анамның берген тәлім-тәрбиесі мен қолдаулары әсер етті. Екеуінің арқасында мен адал адам, ғалым, ұстаз болдым. Үш тілді білемін, өз Отанымды сүйемін және қандай жетістіктерім болса да, қарапайым болып қалдым, өз адамгершілігімді жоғалтқан жоқпын», – дейді Алуа Берікбайқызы.

«Ғылым жолы – ауыр жол» демекші, Алуаның ғылым жолындағы ізденістері мен тапқан тың жаңалықтары ғалым ретінде әдебиеттануға мүлде жаңа ғылыми ұғымдар енгізді. Әлемдік әдебиеттану тарихында тұңғыш рет темпоралды ырық теориясын қалыптастырды, көркемдік хронотоп катего-

риясына жаңа концепция ұсынды. Әдебиет пен философия, әдебиет пен психология, әдебиет пен жаңа технология арасындағы пәнаралық байланысты дамытып, ғылымдағы тың соқпаққа жол салды.

Оның ғылыми қызығушылығы тек дәстүрлі теориялық зерттеулермен шектелмейді. Ол тәжірибелік риторика, нейролингвистикалық бағдарламалау, data mining, case-study сияқты инновациялық әдістерді оқу үдерісіне енгізіп, Қазақстандағы әдебиеттану ғылымының заманауи бейнесін қалыптастыруға зор үлес қосты.

Ұстаздық пен ұйымдастырушылықты қатар алып жүрген Алуа Берікбайқызы 23 жыл бойы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қабырғасында қызмет етіп келеді. Соның ішінде 14 жыл бойы Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасын басқарып, ұжымын өркендетуге, жас ғалымдарды тәрбиелеуге бар күшін жұмсады.

Оның жетекшілігімен кафедра мемлекеттік аттестаттаудан және бес халықаралық аккредитациядан сәтті өтті. Магистратура мен докторантура ашылып, диссертациялық кеңес құрылды. Кафедра білім беру бағдарламаларын үш тілде жүргізіп, халықаралық ғылыми қоғамдардың мүшелігіне қабылданды. Қосдипломдық бағдарламалар іске қосылып, Жамбыл атындағы Ғылыми орталық пен Д.Досжан атындағы Ғылыми-шығармашылық орталығы ашылды.

Алуа Берікбайқызы – қазақ әдебиеті мен әдебиет теориясының өзекті мәселелерін зерттеуде тың көзқарас, жаңа бағыт ұстанған ғалым. Оның еңбектерінде сөз өнерінің табиғаты, көркем мәтіннің ерекшелігі, ұлттық әдеби дәстүр мен жаңашылдықтың сабақтастығы жан-жақты талданады.

Ол тек ғылыми талдау жасаумен шектелмей, қазақ әдебиетін әлемдік контексте қарастыруға, әдебиет теориясын жаңа қырынан пайымдауға күш салып келеді. Зерттеулерінде ұлттық әдебиет пен әлемдік әдебиеттанудың тоғысқан тұстарын айқындап, жас зерттеушілерге бағыт-бағдар беріп келеді.

Ғалымның қаламынан туған ғылыми еңбектер, оқу құралдары, монографиялар мен мақалалар қазір отандық жоғары оқу орындарында, ғылыми орталарда кеңінен қолданылып жүр. Айталық, бүгінде отандық және шетелдің ірі ғалымдарымен жақсы қарым-қатынаста жұмыс істеп жүрген ғалымның 250-ден астам ғылыми еңбегі, соның ішінде тоғыз оқу құралы,



жеті монографиясы жарық көрді. Оның «Әдебиет теориясы», «Әдебиет поэтикасы», «Риторика. Шешендік өнердің негіздері», «Әдебиеттануға кіріспе», «Әдебиеттанудағы мектептер мен бағыттар» атты еңбектері жас ғалымдар мен студенттердің сенімді серігіне айналды.

Абай Құнанбайұлы шығармашылығының поэтикасына арналған зерттеулері, қазақ романдарының тәуелсіздік идеясы тұрғысынан талданған еңбектері ұлттық әдебиеттануда жаңа серпіліс тудырды.

Ерен еңбектің еленгені кімді де болса қуантатын сөзсіз. Осы тұрғыда Алуа Берікбайқызының еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Бірқатарын атап өтсек: ол ҚР Президенті стипендиясының, ҚР Білім және ғылым министрлігінің «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2008» грантының, Жас талантты ғалымдарға арналған стипендияның және Ғылым мен техниканы дамытуға зор үлес қосқан ғалымдарға арналған стипендияның иегері, Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік ғылыми зерттеу үшін Тұңғыш Президент қоры сыйлығының лауреаты және бірнеше медаль, төсбелгімен марапатталған.


Алуа Берікбайқызы университет аудиториясында дәріс оқып қана қоймай, әр студенттің жүрегіне жол таба білетін, шәкірттерін ғылымға жетелейтін, қанаттандыратын қадірлі ұстаз. Оның жетекшілігімен көптеген магистрлер мен докторанттар, жас ғалымдар кеңес алып, өз ізденістерін қорғап шықты.

Қазақ руханияты мен әдебиеттану ғылымының кең өрісінде өзіндік сара жолымен, терең білім-парасатымен табылған белгілі ғалым Алуа Берікбайқызы биыл 50 жасқа толып отыр. Бұл бір қарағанда адам ғұмырының бір белесі ғана секілді. Дегенмен ғылым мен білімге, ұлт руханиятына, қазақ әдебиеті мен әдебиет теориясына өлшеусіз еңбек сіңіріп келе жатқан ғалым үшін бұл – үлкен белес, биік асу.

Бауыржан ИМАНҒАЛИЕВ,
филология ғылымының
кандидаты

Под блестящими фасадами небоскребов и оживленными улицами современных мегаполисов скрывается сложная и зачастую тревожная реальность – почва, на которой живет город. Она не просто пассивное основание, а живой организм, который подвергается колоссальному давлению со стороны неуклонно разрастающихся урбанизированных территорий. Что же таит в себе эта скрытая часть городской экосистемы?

Что скрывается под мегаполисом?



Алматы – город, который не просто растёт, а буквально преобразуется на наших глазах. Новые жилые массивы теснят зелёные зоны, магистрали опутывают районы, а население стремительно увеличивается. Вся эта динамика, к сожалению, имеет свою цену. Почва под мегаполисом – это не просто фундамент, а сложная и уязвимая система, требующая внимательного отношения. Инвестиции в её здоровье – это инвестиции в устойчивое будущее наших городов и благополучие их жителей. Долгое время почвы в городах воспринимались лишь как строительная основа, а не как живой компонент экосистемы. Однако современные исследования показывают, что урбанизированные почвы играют критически важную роль: они фильтруют воду, регулируют водный режим, участвуют в циклах питательных веществ, служат средой обитания для множества микроорганизмов и насекомых, а также являются ключевым звеном в городском озеленении.

Условиях стремительного роста Алматы, когда город расширяется, а население увеличивается, нагрузка на эти почвы возрастает многократно. Самым большим вызовом для здоровья почв в таком активно развивающемся городе, как Алматы, является стремительное и часто неконтролируемое расширение городских территорий и уплотнение застройки. Строительное, промышленные выбросы, выхлопные газы – всё это оседает в почве, меняя её состав и свойства. Это приводит к усилению поверхностного стока, эрозии в одних местах и переувлажнению или, наоборот, иссушению почв в других, нарушая естественный водный баланс. Чем больше людей, транспорта и промышленности, тем больше источников загрязнения. Тяжёлые металлы, нефтепродукты, отходы строительства – всё это накапливается в почве, особенно в плотно застроенных районах, где нет достаточного количества зелёных насаждений для их фильтрации.

Научная работа с важным названием AP26199673 «Экологическая оценка техногенного загрязнения почвенного покрова города Алматы с использованием ГИС технологий» выиграла в престижном грантовом конкурсе, органи-

зованном при поддержке КН МНВО РК. Этот амбициозный научный проект нацелен на всестороннюю оценку состояния городских почв, что является критически важным для формирования устойчивого будущего мегаполиса. Благодаря полученному гранту команда учёных КазНУ им. аль-Фараби из кафедры ЮНЕСКО по устойчивому развитию – во главе с научным руководителем Г.Мукановой и при участии ответственных исполнителей Б.Шимшикова, Т.Базарбаевой, З.Тукиной, Б.Тусуповой, К.Кыргызбай и А.Ошакбай – теперь обеспечена всеми необходимыми ресурсами для проведения глубокого и полноценного исследования. Ученые данного проекта подчёркивают, что цель не просто констатировать факты, а предоставить городу конкретные данные и рекомендации для принятия управленческих решений. Ведь устойчивое развитие – это не только экономический рост, но и сохранение благоприятной окружающей среды для будущих поколений. Начатые исследования показывают, что качество почвы в нашем городе требует пристального внимания, и именно поэтому начаты важные научные работы, направленные на изучение этого вопроса.

Первым этапом работы стало изучение современного состояния урбанизированных почв Алматы на основе литературных данных, что позволит сформировать прочную теоретическую базу и выявить уже известные проблемные зоны. Исследования показали, что в результате активной урбанизации и антропогенной деятельности происходит значительное изменение почвенного покрова. Это затрагивает как физические, так и химические свойства почв, что в свою очередь влияет на экосистемы и здоровье населения.

Вторым важным и наиболее важных шагов стало определе-

ние локальных техногенных участков загрязнения приоритетными поллютантами на урбанизированных территориях. Участники проекта уже совершили выезды на эти потенциально проблемные зоны, где была составлена подробная карта техногенных участков. По этой карте и были отобраны образцы почв. Эти образцы уже переданы в аккредитованные лаборатории для точного определения содержания тяжёлых металлов. В дальнейшем на этих ключевых участках будут заложены почвенные разрезы, что позволит изучить загрязнение на разных глубинах и получить максимально полную картину состояния почв.

Третий аспект исследования сосредоточится на изучении морфологических, физико-химических и биологических свойств урбанизированных почв. В частности, особое внимание будет уделено мезофауне почв, которая играет ключевую роль в поддержании экосистемных функций, она является одной из лучших индикаторов её здоровья, чрезвычайно чувствительна к изменениям почвенной среды. Её количество и разнообразие могут многое рассказать о качестве почвы. Наблюдения подтверждают, что разнообразие и численность мезофауны в урбанизированных зонах значительно снижены, что свидетельствует о негативном влиянии техногенных факторов на биологическое разнообразие.

Одной из наиболее актуальных задач стало определение содержания и закономерностей распространения тяжёлых металлов, таких как свинец (Pb), кадмий (Cd), мышьяк (As), цинк (Zn), медь (Cu), молибден (Mo), кобальт (Co), марганец (Mn) и других в почвенном покрове. Предварительные исследования показывают, что уровень концентрации этих металлов

превышает допустимые нормы в ряде районов города, что представляет серьёзную угрозу для здоровья населения и экосистемы в целом.

Предварительные исследования выявили, что в промышленных зонах Алматы, таких как Индустриальная зона в Алатауском районе, а также исторически промышленные Турксибский и Жетысуский районы, концентрация этих металлов превышает допустимые нормы. Аналогичная ситуация наблюдается и в районе Северного кольца и прилегающих к нему территорий, где расположены крупные транспортные артерии, оптовые рынки, склады, автосервисы и мелкие производства. Это создаёт серьёзную угрозу как для здоровья горожан, так и для экосистемы в целом. Результаты этого исследования станут фундаментом для разработки научно обоснованных рекомендаций по управлению почвенными ресурсами Алматы. Они помогут городским властям принимать более эффективные решения в области градостроительства, экологии и землепользования.

Работы, которые сейчас проводятся, не только помогут выявить текущее состояние почв Алматы, но и станут основой для разработки рекомендаций по их улучшению. Устойчивое развитие города невозможно без заботы о почве, которая является основой для жизни. Исследования в этой области помогут не только защитить экологию Алматы, но и создать более комфортные условия для жизни горожан. В контексте этого исследования и текущей экологической ситуации в Алматы, исследовательская группа считает, что наиболее эффективными мерами для улучшения экологического состояния городских почв будут следующие:

• Строгий контроль за источниками загрязнения: это

включает в себя ужесточение экологических стандартов для промышленных предприятий, автотранспорта и строительных площадок. Важно не только установить эти стандарты, но и обеспечить их строгое соблюдение через регулярные проверки и штрафы за нарушения.

• Расширение и озеленение городских территорий: Увеличение площади парков, скверов, аллей и высадка деревьев вдоль дорог помогают не только эстетически, но и поглощают загрязняющие вещества из воздуха, улучшают водопроницаемость почвы и предотвращают эрозию. Для городских условий важно выбирать растения, которые не только выносливы, но и способны очищать воздух и почву от загрязнений, то есть обладают фиторемедиационными свойствами. К таким растениям относятся: деревья: Тополь; Ива; Липа; Клен; цветы и травы: Бархатцы прямостоячие; Петуния; Колеус; Настурция; Клевер ползучий.

• Внедрение современных методов управления отходами: это включает раздельный сбор, переработку и безопасную утилизацию бытовых и промышленных отходов, чтобы минимизировать их попадание в почву. Использование компостирования органических отходов также может способствовать обогащению почв.

• Экологическое просвещение населения: Повышение осведомленности жителей о важности сохранения почв, правилах утилизации отходов и влиянии их действий на окружающую среду. Чем больше людей осознают проблему, тем активнее они будут участвовать в её решении.

• Использование биоремедиации и фиторемедиации: для уже загрязнённых участков можно применять биологические методы очистки почв, используя микроорганизмы или растения, способные разлагать или накапливать вредные вещества. Эти методы часто более экологичны и экономически выгодны, чем традиционные физико-химические подходы.

Эти меры, применяемые комплексно, могут значительно улучшить состояние урбанизированных почв Алматы и способствовать достижению индикаторов устойчивого развития. Таким образом, изучение урбанизированных почв становится важным шагом на пути к устойчивому развитию Алматы. Мы все можем внести свой вклад в защиту окружающей среды, начиная с осознания важности почвы и её роли в нашей жизни.

Проект является ярким примером того, как наука может служить практическим целям, обеспечивая не только экономическое процветание, но и экологическую безопасность. Ведь чистая, здоровая почва – это не просто фактор комфорта, это основа для устойчивой жизни и благополучия каждого жителя нашего прекрасного города.

Зульфия ТУКЕНОВА,
доцент, академик АСХН РК
кафедры ЮНЕСКО по
устойчивому развитию

Қала әкімі ҚазҰУ-дың ғылыми инфрақұрылымымен танысты

Соңы. Басы 1-бетте

Қала әкімі сонымен қатар робототехника орталығының жұмысымен танысты. Мұнда студенттер тек теорияны меңгеріп қана қоймай, болашақ технологияларымен жұмыс істейді. Орталықта орналасқан бес инновациялық платформа – заманауи өндіріс пен жасанды интеллект негізінде құрылған, интеллектуалды роботтармен жұмыс істеуге арналған кешендерден тұрады.

Әкім сондай-ақ қалашықта бой көтеріп жатқан оқу корпустарының құрылыс барысымен танысты. Аумағы 32 мың шаршы метрді құрайтын жетіқабатты үш ғимаратта факультеттер мен ҚазҰУ базасындағы филиалдар орналасады. Жаңа оқу корпустарында аудиториялар мен дәріс залдары, кітапхана және ғылыми зертханалар, конференц-зал, демалыс және пікірталас орындары қарастырылған.

ҚазҰУ-ға жұмыс сапары барысында Дархан Сатыбалдыға Қытай ғылым академиясымен бірлесіп құрылған «Қашықтықтан зондтау технологиясы және оларды қолдану» қазақ-қытай бірлескен зертханасының қызметі туралы ақпарат берілді.

Қала әкімі оқу ордасының базасындағы суперкомпьютер орталығына барды. IT және жасанды интеллект саласында білікті кадрларды даярлауға мол мүмкіндік беретін орталық мамандардың есептеу техникасы саласында қолын ұзартады. Ғылыми зерттеулердің тиімділігі мен дәлдігін арттырып қана қоймай, ғылыми зерттеулерге кететін уақытты әлдеқайда қысқартады.

Дархан Сатыбалды ҚазҰУ-дың білім мен ғылымды ұштастырудағы табыстарын ерекше атап өтіп, университеттің инновациялық әлеуетін жоғары бағалады. Әкім алдағы уақытта отандық ғылымды дамытуға бағытталған инновациялық жобаларға әкімдік тарапынан қолдау көрсетілетінін жеткізді.

**Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ**



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басыла, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.